

Әлеуметтік педагогтің атқарылған жұмысының нәтижесі:

Қазіргі таңда өскелең ұрпақты тәрбиелеу маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Олардың әлеуметтік ортаға бейімделуі, қоғамда өз орындарын дұрыс бағытта алуы, құқықтарының қорғалуы, үлкендер тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырамауын бүгінде әлеуметтік тәрбие беретін мамандар ұйымдастырып отыр.

Мақсаты:

Әр тұлғаның психология-медико-педагогикалық жағдайының ерекшелігін, микро ортасын, өмір сүру жағдайын, өмірге қызығушылығын, жеке әлеуметтік жағдайларын зерттеу, анықтау және оқушының тәртібіндегі кездесетін қиыншылықтарын қадағалай отырып, өз уақытында әлеуметтік көмек көрсету, мүддесін қолдау, құқығын қорғау.

Міндеті:

- Мектепте, отбасында, өмір сүру ортасында, жастар мен балалар қоғамдарында және ұйымдарында баланың тұлғалану үдерісінің дамуына тікелей әсер ету;

- Баланың құқықтары мен қызығушылықтарын, түрлі инстанцияларда және мектепте баланың қорғанышы ретінде өзім немесе басқа да мамандарды қатыстыра отырып қорғау;

- Бала тәрбиесінде отбасына әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету. Тұлғалану үдерісіне кері әсерін тигізетін әлеуметтік қатерлі отбасыларын анықтау;

- Қорғаншы мен қамқоршыларды қажет ететін балалар мен жастарды анықтау және есепке алу жұмыстарын жүргізу;

- Мінез-құлқында ауытқу байқалатын балалар мен жастарды дер кезінде анықтау, (кылмыстың, құқық бұзушылықтың, маскүнемдіктің, таксикоманияның, наркоманияның және т.б. алдын алу).

- Салауатты өмір салтын ұйымдастыру мәселелерімен айналысу, оқушылардың ақыл-ой және физикалық дамуына байланысты түзету-оңалдыру әрекетін ұйымдастыру;

- Түрлі әлеуметтік топтарда сенімді қарым-қатынасқа түсе алуына көмек көрсету, әлеуметтену үдерісіне (кәсіп таңдауда, жұмысқа тұруда, денсаулығын нығайтуда, бос уақыттарын ұйымдастыруда және т.б.) ықпал ету;

- Ата-аналарға, педагогтарға, басқа да ұйымдардың қызметкерлеріне әлеуметтік- педагогикалық кеңес берумен айналысу.

Әлеуметтік педагогтің әрекет ету кезендері:

Бірінші кезеңде оқушылардың әлеуметтік өмірінің шынайы болмысын зерттейді.

Екінші кезеңде зерттеу материалдарының қорытынды құжаттарына сәйкес мақсат міндеттерді анықтайды, проблемалық шешуге тиіс жағдай болғанда тіркелген субъектілердің әлеуметтік өмірінің мүмкіндіктерін есепке алады және жұмысты жоспарлайды.

Үшінші кезеңде әр бір іс пен әлеуметтік педагогикалық қызмет кезеңдеріндегі зерттеу нәтижелері мен жоспарлаудың іске асырылуы барысында жеткен жетістіктерді конструкциялау жұмысын жүзеге асырады.

Әлеуметтік педагог тұлғаның қоғамдағы өмірге бейімделуін қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдары мен тұрғылықты мекен-жайы бойынша білім алуы, тәрбиеленуі, дамуы және әлеуметтік қорғалуы бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асырады. Жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды, мүмкіндігі шектеулі балаларды, мүгедек балаларды тұрғын үймен, жәрдемақымен зейнетақымен қамтамасыз ету жұмыстарын үйлестіреді. Балалар мен мемлекет, қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік ұйымдар арасында байланыс орнатады. Мұғалімдермен, ата-аналармен, басқа да заңды өкілдерімен өзара қарым қатынас жасай отырып, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға, ішкі тәртіп ережесін сақтауға байланысты жұмыстар жүргізіп, «Мектепке жол», «Қамқорлық» акцияларын жасау, күніне бір рет аз қамтылған, көп балалы, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету, жалпыға міндетті оқу қорынан мектеп формасымен қамтамасыз ету, президент, әкімнің шыршасына және жазғы сауықтыру демалыс орындарына сұраныс беру және олардың қорытындысын әр тоқсан сайын қалалық білім бөліміне есепті тапсыруды жүзеге асырады.

Көп балалы отбасы

2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны
83	158	113	423	156	698

Толық емес отбасы

2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны
89	113	92	116	82	156

Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы

2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны
42	59	50	59	56	65

Атаулы әлеуметтік көмек алатындар

2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны
2	9	1	4	1	4

Қолайсыз отбасы

2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны
1	2	0	0	0	0

ОДН

2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны
38	93	35	91	33	90

Қамқорлықтағы оқушылар

2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны
6	6	4	6	4	4

Мектепшілік есепте тұрған балалар саны

2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны
6	6	3	3	3	3

ІІБ есебінде тұрған оқушылар саны

2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны
3	3	0	0	0	0

Жазғы сауықтыру лагері

2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны
50	59	65	74		

«Мектепке жол» акциясы

2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны
39	70	47	76	38	65

Әкім шыршасы

2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны
0	0	0	0	6	7

Мектеп директорының м.а.



А.Т.Абдуалиева